

## Қызылқоға ауданы аумағында сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Қызылқоға ауданы мәслихатының 2017 жылғы 6 қарашадағы № XVII-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қарашада № 3990 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 10-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 08.12.2021 № 10-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық Кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылқоға ауданы аумағында сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (А. Баймұратова) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы,  
мәслихат хатшысы:*

*T. Бейсқали*

Қызылқоға аудандық мәслихатының  
2017 жылғы 6 қарашадағы № XVII-2  
шешіміне қосымша

**Қызылқоға ауданы аумағында сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 20-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

4. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен комиссия құрады (бұдан әрі – Комиссия).

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде "Қызылқоға аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобилдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

5. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

## **2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларыга сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушиі таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

### **3. Қорытынды ережелер**

10. Қадықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК